

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 шілдедегі N 854 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 20 тамыз N 1035

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

"Алматыэнерго" Алматы энергетика және электрлендіру өндірістік бірлестігінің кәсіпорындарын жекешелендірудің тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 8 шілдедегі N 854 қаулысына толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

қаулының тақырыбы "және Алматы облысының энергетика кәсіпорындары" деген сөздерімен толықтырылсын;

кіріспедегі және 1, 2, 3-тармақтардағы "Алматы қаласындағы" сөздерінен кейін "және Алматы облысындағы" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы "31 шілдесінен" сөздері "15 қыркүйегінен" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған қаулыға қосымша "Мүлкі мүліктік кешен ретінде сатуға жататын "Алматыэнерго" кәсіпорындарының тізбесі" мыналармен толықтырылсын:

9. Есік электр желілері кәсіпорны
10. "Алматыэнергоремонт" өнеркәсіптік-жөндеу кәсіпорны
11. Алматы жылыжай комбинаты\*
12. Қапшағай суэлектростанциясы
13. Әлеуметтік сала объектілері\*

\*Сатып алушының Меншік иесімен келісімі бойынша

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК